


1 — көлбеу корпус; 2 — жатка корпусы; 3 — башмак; 4 — орталық сфералық топса; 5 — тірек; 6 — ролик; 7 — аспа; 8 — гидроцилиндр; 9 — текестіру рычагы; 10 — тенестіргіш серіппе, 11 — калықтама транспортердің шнек білігінің подшйпникті корпусының молотилка тірегімен 12 топсалы қосылысы.



Жатка корпусының текестіру және аспа механизмдері:

1 — жатка корпусының түтік тәрізді балкасының алдыңғы бөлігі; 2 — оқ жақтағы аспа; 3 — тенестіргіш рычаг; 4 және 8 — тенестіргіш серіппе блоктары; 5 — гидроцилиндр; 6 — білік; 7 — көлбеу корпусының жоғарғы түтігі; 9 және 16 — кронштейндер; 10 — сол жақтағы аспа; 11 — тірек; 12 — құлақша; 13 — жатка корпусының түтікше білігінің артқы жары; 14 — орталық топсаның кронштейні; 15 — көлбеу корпусының төменгі түтігі.

Серіппелердің 10 керілу немесе қысқару кезеңінен бір мезгілде рычаг та екі жаққа ауысып отырады. Бұл жағдайда әрбір әсер етуші косар күштің иіні де өзгереді. Егер керу күшінің, иіні үлкейсе онда жатканың салмақ күшіне арналған иін үлкейеді және керісінше. Жатка корпусы. Жатка корпусының қаңқасы мәнерлі құбыр тәрізді балкадан, бұрыштамалар жүйесінен және алдыңғы білеуден құрастырылған. Бұрыштаманың көмкермесі жатка шнегі үшін жұмыстық кеңістік жасайды, сондай-ақ орылған сабақтардың ысырап болуын сақтандыратын жел қалқан қызметін атқарады. Құбыр тәрізді балка алдыңғы екі бөлшектен екі кронштейннен 16 және артқы бір бөлшектен 13 тұрады. Құбыр тәрізді балкаға екі тірек 11, екі құлақша 12 және кронштейн пісіріліп орнатылған. Тіректердің, қызметі, жоғарыда атап көрсетілгендей, жатка корпусын горизонталь жазықтықта шайқалтпай ұстап тұру болып табылады. Құлақшаларға 12 аспа 2, 10 жалғастырылған. Кронштейн 14 көлбеу камераның төменгі құбырына 15 пісіріліп жапсырылған құрсауымен қосылған. Құрсаудың 19 (1-сурет) ішінін, екі жағы ойық және беті сфералы. Осы ойық арқылы құрсау түбіне сфералық сақинаны 21 қоюға болады. Жатка корпусына көлбеу корпусы қосқан кезде, құрсаудағы 19 қойылған сақина 21 мен жатка корпусы кронштейнінің, тесігі 22 арқылы болт 20 өткізіледі. Құрсаудың ішінде 19 сақина еркін қозғалып тұрады. Сондықтан жатка корпусы мен көлбеу корпусының қосылысы топсалы болып келеді.

Көлбеу корпус. Көлбеу корпусының негізгі бөлшектері, бүйірлері, түп, қақпақ аралық қалқан және көлденең байланыстар — құбыр тәрізді балка, сондай-ақ қорап тәрізді балка 12 болып табылады.